



Қазақстан Республикасы мен Молдова Республикасы арасындағы Консулдық конвенцияны бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 10 желтоқсан N 312-І

Кишинэуде 1997 жылғы 23 қазанда қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Молдова Республикасы арасындағы Консулдық конвенция бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы мен Молдова Республикасы арасындағы
Консулдық конвенция

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2000 ж., N 4, 46-құжат)

(1999 жылғы 13 тамызда күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,

Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 84 бет)

Бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Молдова Республикасы,

екі мемлекет арасындағы достық қатынастар мен ынтымақтастықты одан әрі нығайту мүдделеріне орай,

олардың арасындағы консулдық қатынастарды реттеу ниетін басшылыққа ала отырып,

осы Консулдық конвенцияны жасауды ұйғарды және төмендегілер жөнінде келісті:

1-Бап Анықтамалар

Осы Конвенциядағы төменде келтірілген терминдердің мағынасы мынадай:

а) консулдық мекеме - кез келген бас консулдықты, консулдықты, вице-консулдықты немесе консулдық агенттікті білдіреді;

б) "консулдық округ" - консулдық қызметті орындау үшін консулдық мекемеге

бөлініп берілген, консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің ауданын білдіреді;

с) "консулдық мекеменің басшысы" - өкілдігін жіберген мемлекет осы сапада жұмыс істеуді тапсырған адамды білдіреді;

д) "консулдық қызмет адамы - осы сапада консулдық қызметтерді орындау тапсырылған, консулдық мекеменің басшысын қоса алғанда, кез келген адамды білдіреді;

е) "консулдық мекеменің қызметшісі" - консулдық мекемеде әкімшілік немесе техникалық міндеттерді орындайтын консулдық қызмет адамы болып табылмайтын кез келген адамды білдіреді;

ф) "қызмет көрсетуші персоналдың қызметкері" - консулдық мекемеге қызмет көрсету жөніндегі міндеттерді орындайтын кез келген адамды білдіреді;

г) "консулдық мекеменің қызметкерлері" - консулдық қызмет адамдарын, консулдық қызметкерлерін және қызмет көрсетуші персоналдың қызметкерлерін білдіреді;

h) "отбасы мүшесі" - әйелін (ерін), консулдық мекеме қызметкерлерінің олармен бірге тұрып жатқан балаларын, ата-аналарын білдіреді;

і) "жеке үй қызметшісі" - консулдық мекеме қызметкерінің жеке үй қызметінде ғана болатын кез келген адамды білдіреді;

j) "өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматы"- өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматтығы бар кез келген адамды, сонымен бірге ыңғайлы жағдайларда өкілдігін жіберген мемлекеттің кез келген заңды тұлғасын білдіреді;

к) "консулдық үй-жайлар" - консулдық мекеменің мақсаттары үшін ғана пайдаланылатын үйді немесе үйдің бөлігін және осы үйге немесе үйлердің бір бөлігіне, консулдық мекеме басшысының резиденциясын қоса алғанда, оларға меншік құқығы кімге тиесілі болса да қызмет көрсететін жер учаскесін білдіреді;

l) "консулдық архивтер" - барлық қағаздарды, құжаттарды, хат-хабарларды, кітаптарды, фильмдерді, дыбыс жазылған таспаларды және шифрлар мен кодтарды, картотекаларды және оларды сақтауды қамтамасыз етуге лайықталған жабдықтардың кез келгенін бірге алғанда консулдық мекеменің реестрлерін білдіреді;

m) "өкілдігін жіберген мемлекеттің кемесі" - өкілдігін жіберген

мемлекеттің заңына сәйкес осы мемлекеттің жалауы астында жүзуге құқығы бар, әскери кемелерді қоспағанда, кез келген кемені білдіреді;

n) "өкілдігін жіберген мемлекеттің әуе кемесі" - өкілдігін жіберген мемлекеттің тану белгілері бар, әскери ұшу аппараттарын қоспағанда, кез келген әуе кемесін білдіреді.

Консулдық мекемелердің ашылуы, консулдық мекемелердің қызметкерлерін тағайындау

2-Бап

Консулдық мекеменің ашылуы

1. Консулдық мекеме өзі орналасатын мемлекеттің аумағында осы мемлекеттің келісімімен ғана ашыла алады.

2. Консулдық мекеменің орналасатын жері, оның сыныбы және консулдық округ өкілдігін жіберген мемлекет пен консулдық орналасқан мемлекеттің арасындағы келісім бойынша анықталады.

Консулдық мекеме қызметкерлерінің саны туралы мәселе бойынша пікір

алшақтығы болған жағдайда бұл мәселе өкілдігін жіберген мемлекет пен консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің арасындағы уағдаластық бойынша шешіледі.

3. Консулдық мекеменің орналасқан жерінің, оның сыныбының немесе консулдық округтің одан әрі қарайғы өзгерістерін өкілдігін жіберген мемлекет консулдық орналасқан мемлекеттің келісімімен ғана жүзеге асыра алады.

3-Бап

Консулдық мекеме басшысын тағайындау және оның өзі міндеттерін орындауына рұқсат ету

1. Консулдық мекеме басшысы тағайындалғанға дейін өкілдігін жіберген мемлекет дипломатиялық жолмен, аталған адамға оны консулдық орналасқан мемлекеттің оны консулдық мекеме басшысы ретінде танитынына келісімді алатынына көзі жетуі тиіс.

2. Консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің келісімін алған соң өкілдігін жіберген мемлекет өзінің дипломатиялық өкілдігі арқылы немесе өзге тиісті жолмен консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің сыртқы істер министрлігіне әрбір тағайындау кезінде жасалатын, консулдық мекеме басшысының өкілеттіктерін, оның

толық атын, тегін, қызметін, өзінің міндеттерін орындайтын консулдық округ және консулдық мекеменің орналасқан жерін куәландыратын, патент немесе соған ұқсас куәлік нысанындағы құжатты жібереді.

3. Консулдық орналасқан мемлекет тағайындау туралы консулдық патентті немесе соған ұқсас куәлікті алған соң, консулдық мекеменің басшысына консулдық орналасқан мемлекет тарапынан экзекватура деп аталатын рұқсатпен, мұндай рұқсат қандай нысанда болса да, өз міндеттерін орындауға рұқсат етіледі.

Консулдық орналасқан мемлекет экзекватураны мүмкіндігінше қысқа мерзімде және тегін береді.

4. Консулдық мекеменің басшысы өзінің міндеттерін орындауға консулдық орналасқан мемлекеттің жазбаша растауын алысымен кірісе алады. Растауды алғанға дейін консулдық мекеменің басшысы консулдық орналасқан мемлекеттің келісімімен өз міндеттерін уақытша орындай береді.

5. Консулдық орналасқан мемлекет консулдық мекеме басшысының тағайындалғанын растаған соң немесе оған өз міндеттерін уақытша орындай тұруға рұқсатын бергеннен кейін ол бұл туралы округтің құзыретті органдарына тез арада мәлімдеуге және консулдық мекеме басшысының өз міндеттерін орындай беруі және осы Конвенцияда көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдалана алуы үшін қажетті шаралардың бәрін қабылдауға тиіс.

6. Егер консулдық орналасқан мемлекет қайсыбір адамды консулдық мекеме басшысы ретінде тағайындауға келісімін бермесе, онда ол өзінің мұндай бас тартуының себептерін хабарлауға міндетті емес.

4-бап

Консулдық мекеме басшысының міндеттерін уақытша орындау

1. Егер консулдық мекеменің басшысы қандай да бір себептермен өзінің міндеттерін орындай алмаса немесе егер консулдық мекеме басшысының қызмет орны уақытша бос болса, өкілдігін жіберген мемлекет консулдық орналасқан мемлекеттегі осы немесе басқа консулдық мекеменің консулдық қызмет адамына немесе өкілдігінің дипломатиялық персоналы мүшелерінің біріне консулдық мекеме басшысының міндеттерін уақытша орындауға өкілеттік бере алады. Осы адамның толық аты, тегі, қызметі мен дәрежесі консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің сыртқы істер министрлігіне күнібұрын хабарланады.

2. Консулдық мекеме басшысының міндеттерін уақытша орындауға өкілеттік алған адамға бұл сапада болған уақытында осы Конвенциядағы консулдық мекеме басшысына берілетін артықшылықтар мен иммунитеттер оған да таралады.

3. Өкілдігін жіберген мемлекеттің дипломатиялық өкілдігі мүшесінің осы баптың 1-

тармағына сәйкес консулдық өкілдіктің басшысының міндеттерін орындаушы ретінде тағайындалуы оның дипломатиялық статусына сай берілген артықшылықтары мен иммунитеттеріне нұқсан келтірмейді.

5-Бап

Консулдық қызмет адамдарын тағайындаулар,
келулер мен кетулер туралы консулдық орналасқан
мемлекетке мәлімдеу

1. Өкілдігін жіберген мемлекет консулдық орналасқан мемлекетке мына төмендегілер туралы күнібұрын жазбаша мәлімдейді:

a) консулдық мекеме қызметкерлерінің тегі, аты, азаматтығы, дәрежесі, қызметі, олардың келу, түпкілікті кету күні немесе қызметін тоқтатқаны туралы, сондай-ақ консулдық мекемедегі жұмыс істеген кезеңінде олардың статусының кез келген өзгерісі туралы;

b) консулдық мекеме қызметкерінің отбасы мүшелерінің тегі, аты, азаматтығы, келу күні мен түпкілікті кету күні, сондай-ақ сол немесе өзге бір адамның отбасының осындай мүшесі болатыны немесе болмайтыны туралы.

c) жеке үй қызметкерінің тегі, аты, азаматтығы, келу және

түпкілікті кету күні және, тиісті жағдайларда, олардың осы сипатта қызметін тоқтатқаны туралы;

d) консулдық орналасқан мемлекетте артықшылықтар мен иммунитеттерге құқы бар консулдық мекеменің қызметкері немесе жеке үй қызметкері ретінде тұратын адамдарды жалдау немесе жұмыстан босату туралы.

2. Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары консулдық мекеменің қызметкерлеріне және олардың отбасы мүшелеріне, консулдық орналасқан мемлекеттің азаматтары болып табылатындарды немесе онда тұрақты тұратындарды қоспағанда, осы мемлекетте белгіленген тәртіпке сәйкес тегін куәлік береді.

6-Бап

Консулдық қызмет адамдарының азаматтығы

Консулдық қызмет адамы болып консулдық орналасқан мемлекеттің аумағында тұрақты тұрмайтын өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматы ғана бола алады.

7-Бап
"PERSONA NON GRATA" немесе қолайсыз
деп танылған адамдар

1. Консулдық орналасқан мемлекет кез келген уақытта өкілдігін жіберген мемлекетке дипломатиялық жолмен, өз шешімінің себептерін хабарлауға міндетті болмай, консулдық мекеменің сол немесе өзге қызметкерінің "persona non grata" немесе қолайсыз болып табылатындығы туралы мәлімдей алады. Мұндай жағдайда өкілдігін жіберген мемлекет консулдық мекеменің тиісті қызметкерін кері шақырып алуға немесе оның

консулдық мекемедегі қызметін тоқтатуға тиіс.

2. Егер өкілдігін жіберген мемлекет ақылға сиятын мерзім ішінде өзінің міндеттемелерін орындамаса, онда консулдық орналасқан мемлекет тиісінше осы адамның экзекватурасының күшін жояды немесе мұндай адамды консулдық мекеменің қызметкері деп танудан бас тарта алады.

II Бөлім
Консулдық міндеттер

8-Бап
Жалпы ережелер

Консулдық қызмет адамы:

- а) өкілдігін жіберген мемлекет пен консулдық орналасқан мемлекет арасындағы достық қатынастардың әрі қарай нығаюына жәрдемдеседі;
- б) өкілдігін жіберген мемлекет пен консулдық орналасқан мемлекеттің арасындағы сауда, экономика, мәдениет, спорт, ғылыми-техникалық, туристік және басқа салалардағы қатынастардың дамуына жәрдемдеседі;
- с) консулдық орналасқан мемлекеттің саяси, сауда, экономика, мәдениет, спорт,

ғылыми-техника және басқа салаларындағы жағдайды заңды жолдардың бәрімен анықтайды және бұл туралы өкілдігін жіберген мемлекеттің үкіметіне хабарлайды;

d) халықаралық құқық нормаларына сәйкес консулдық орналасқан

мемлекетте өкілдігін жіберген мемлекеттің, оның азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін қорғайды;

e) консулдық орналасқан мемлекеттің заңдарымен және ережелерімен тыйым салынбайтын немесе олардың орындалуына консулдық орналасқан мемлекет қарсылық білдірмейтін басқа да міндеттерді орындайды.

9-Бап

Азаматтық және азаматтық хал мәселелері жөніндегі міндеттер

1. Консулдық қызмет адамы:

a) өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының есебін жүргізуге;

b) өкілдігін жіберген мемлекет азаматтығы мәселелері жөніндегі кез келген өтініштерді қабылдауға;

c) өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының туғандығын және қайтыс болғандығын тіркеуге және тиісті құжаттарды беруге;

d) өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының арасындағы некелердің

жасалуы мен бұзылуын тіркеуге және тиісті құжаттарды беруге құқылы.

2. Консулдық қызмет адамы консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындарына туғандығы және қайтыс болғандығы, некелердің жасалуы мен бұзылғанын тіркеудің жүргізілгені туралы, егер мұны консулдық орналасқан мемлекет заңды талап ететін болса, хабарлайды.

3. Осы баптың 1-тармағының ережелері мүдделі адамдарды консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелерін сақтау міндеттерінен босатпайды.

10-Бап

Паспорттар мен визалар мәселелері жөніндегі міндеттер

Консулдық қызмет адамы:

а) өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарына паспорттар мен осыған ұқсас құжаттарды беруге, жаңартуға, жоюға, олардың қолданыс мерзімін ұзартуға, оларға қажетті белгілерді енгізуге;

б) өкілдігін жіберген мемлекетке баруға немесе ол арқылы жол жүруге тілек білдірген адамдарға жол жүру, транзиттік және басқа да визалар беруге, ұзартуға, күшін жоюға, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

11-Бап

Рәсімдік куәландыру және ресмилендіру

1. Өкілдігін жіберген мемлекеттің заңдары мен ережелеріне сәйкес консулдық қызмет адамы:

а) егер бұндай құжаттарды беру заңдары мен ережелеріне қайшы келмейтін болса, кез келген адамның өтініші бойынша, оның азаматтығынан тәуелсіз, оған өкілдігін жіберген мемлекетте пайдалану үшін әр түрлі құжаттар беруге;

б) егер бұндай құжаттарды беру заңдары мен ережелеріне қайшы келмейтін болса, өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының өтініші бойынша оларға консулдық орналасқан мемлекетте немесе оның шектерінен тыс жерлерде пайдалану үшін әр түрлі құжаттар беруге;

с) құжаттарды өкілдігін жіберген мемлекеттің немесе консулдық орналасқан мемлекеттің ресми тіліне аударуға және осы аударманың дұрыстығын куәландыруға;

д) өкілдігін жіберген мемлекеттің немесе консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет органдары берген құжаттарды ресмилендіруге, олардың көшірмелерінің, аудармасының және үзіндісінің растығын куәландыруға;

е) өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының өтініштерін қабылдауға, жасауға және куәландыруға өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының әр түрлі құжаттардағы қойған қолдарын куәландыруға;

ф) өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының өсиеттерін жасауға, куәландыруға және сақтау үшін қабылдауға;

г) өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының өсиеттерін жасауға, куәландыруға және сақтау үшін қабылдауға;

h) өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының арасындағы актілер мен келісімдерді жасауға және куәландыруға, өйткені мұндай актілер мен келісімдер консулдық орналасқан мемлекеттің заңдарына қайшы келмейді және қозғалмайтын мүлікке

құқықтарды белгілеу мен тапсыруға қатысы жоқ; бір жағынан, өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының және екінші жағынан, басқа мемлекеттер азаматтарының арасындағы актілер мен келісімдерді жасауға және куәландыруға, өйткені бұл актілер мен келісімдердің өкілдігін жіберген мемлекеттегі мүлік немесе құқықтарға ғана қатысы бар және осы мемлекеттегі, бұл актілер мен келісімдер консулдық орналасқан мемлекеттің заңдарына қайшы келмейтін жағдайда, қарауға жататын істерге қатысты болады;

i) өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының мүлкі мен құжаттарын

сақтау үшін қабылдауға, өйткені бұл консулдық орналасқан мемлекеттің заңдарына қайшы келмейді, құқылы.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес консулдық қызмет адамы жасаған, берген, куәландырған немесе аударған құжаттар консулдық орналасқан мемлекетте осы мемлекеттің құзыретті өкімет орындары және мекемелері берген, куәландырған немесе аударған құжаттар сияқты, олар консулдық орналасқан мемлекеттің заңдарына сәйкес сияқты, олар консулдық орналасқан мемлекеттің заңдарына сәйкес келген жағдайда, сондай заңдық күші бар құжаттар ретінде қаралады.

12-Бап

Ұсталғаны, қамауға алынғаны және
барып тұру туралы мәлімдеме

1. Егер өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматы консулдық округтің шегінде қамауға алынса, ұсталса немесе өзге бір нысанда бас бостандығынан айырылса, онда консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындары болған жағдайдан соң төрт күннің ішінде бұл туралы консулдық мекемеге мәлімдейді.

2. Консулдық қызмет адамы қамауға алынған, ұсталған немесе өзге бір нысанда бас бостандығынан айырылған өкілдігін жіберген мемлекет азаматына барып шығуға, қатынасуға, онымен кездесуге және оған құқықтық көмек көрсетуге құқылы. Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындары мүмкіндігінше қысқа мерзімде консулдық қызмет адамының өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматымен кездесуін, бірақ өтініш берілген күннен бастап үш күннен кешіктірмей, ұйымдастыруға

тиіс.

Әрі қарайғы барулар уақыттың ақылға сиятын аралығында жүзеге асырыла алады.

3. Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындары

өкілдігін жіберген мемлекеттің қамауға алынған, ұсталған немесе өзге бір нысанда бас бостандығынан айырылғаны азаматына осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері туралы тез арада мәлімдеуге тиісті.

4. Осы баптағы көзделген құқықтар консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Бірақ консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелерін қолдану осы бапта көзделген құқықтарды жүзеге асыруды шектемеуге тиіс.

13-бап

Өкілдігін жіберген мемлекеттің
азаматтарына көмек көрсету

1. Консулдық қызмет адамы:

а) өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматтарымен кездесуге және қатынасуға, оларға ақыл-кеңес беруге және жан-жақты жәрдем, құқықтық көмек көрсету үшін шараларды қабылдауды қоса алғанда, көрсетуге құқылы. Консулдық орналасқан мемлекет ешқандай түрде өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының консулдық мекемемен қатынасуына және олардың консулдық мекемеге кіру рұқсатына шек қоймайды;

б) консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындарынан осы мемлекеттің аумағында тұрақты тұрып жатқан немесе уақытша жүрген, хабарсыз жоғалып кеткен өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарын іздестіруде жәрдем сұрай алады;

с) консулдық орналасқан мемлекеттегі өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының өмірі және жұмыс жағдайларымен танысу және оған қажетті көмек көрсетуге;

д) консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдарына өкілдігін жіберген мемлекеттің кез келген азаматына қатысты ақпарат беру туралы сұрау салуға, ал бұл органдар осындай ақпаратты беру үшін барлық мүмкіндіктерді жасауға тиіс;

е) өкілдігін жіберген мемлекеттің кез келген азаматының құжаттарын, ақшалай қаражаттарын және құнды заттарын, егер бұл консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелеріне қайшы келмесе, уақытша сақтауға қабылдауға;

ф) егер өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматы оның консулдық орналасқан

мемлекетте болмауына байланысты немесе басқа да себептер бойынша өзінің құқықтары мен мүдделерін қорғауды консулдық орналасқан мемлекетте жүзеге асыра алмаса онда консулдық қызмет адамы ерекше бір сенімхатсыз осы азаматтың атынан консулдық орналасқан мемлекеттің соттары мен басқа органдарында өкілдік етеді немесе осы азамат өзінің өкілетті адамдарын тағайындағанға дейін немесе өзінің құқықтары мен мүдделерін өзі қорғайтын болғанша, оның тиісті өкілдігін қамтамасыз етеді.

14-Бап

Қамқоршылық пен шапағатшылық

1. Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары оларда ақпарат болған жағдайда консулдық қызмет адамына консулдық мемлекеттің аумағында тұрақты тұрып жатқан өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматы үшін қамқоршыны немесе шапағатшыны тағайындау қажеттігі туралы мәлімдейді.

2. Консулдық қызмет адамы осы баптың 1-тармағында аталған мәселе бойынша консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдарымен бірлесіп іс-қимыл жасайды және қажет болғанда, консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелеріне сәйкес қамқоршының немесе шапағатшының міндеттерін орындау үшін адам ұсынады.

3. Егер консулдық орналасқан мемлекеттің соты немесе басқа құзыретті органдары ұсынылған адамды қандай да бір себептермен қамқоршы немесе шапағатшы ретінде қолайсыз деп тапса, онда консулдық қызмет адамы басқа кандидатураны ұсына алады.

15-Бап

Қайтыс болғаны туралы мәлімдеме

1. Өкілдігін жіберген мемлекет азаматы консулдық орналасқан мемлекетте қайтыс болған жағдайда, консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары мүмкіндігінше қысқа мерзімде бұл туралы консулдық мекемеге хабарлайды және оның өтініші бойынша оған қайтыс болғанын дәлелдейтін куәлік немесе басқа құжаттарды береді.

2. Егер өкілдігін жіберген мемлекет азаматының консулдық орналасқан мемлекетте қайтыс болғаны туралы консулдық қызмет адамы бұрынырақ білген болса, бұл туралы консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдарына хабарлайды.

16-Бап

Мұрагерлік мүлікті қорғау жөніндегі іс-шаралар

1. Егер өкілдігін жіберген мемлекеттің қайтыс болған азаматы консулдық орналасқан мемлекетте мұра қалдырса, онда консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары мүмкіндігінше қысқа мерзімде консулдық мекемеге мұрагерлік мүліктің құрамы, мұрагерлері, қайтыс болған кісінің мұра құқығы берілмеген адамдары туралы, сондай-ақ өсиеттің бар екендігі туралы хабарлайды.

2. Консулдық қызмет адамы осы баптың 1-тармағында аталған мұрагерлік мүліктің тізімін жасау және сүргі салу кезінде өзінің қатысуына консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдарының келісімін сұрай алады.

3. Егер өкілдігін жіберген мемлекеттің қайсыбір азаматы консулдық орналасқан мемлекетте кез келген азаматтықтағы қайтыс болған адамның мүлкіне ие болуға немесе алуға құқық алса, онда консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары оларда ақпарат болғанда консулдық мекемеге, тіпті, егер бұл азамат консулдық орналасқан мемлекеттің шектерінен тыс жерлерде жүрсе, хабарлауға тиіс.

4. Консулдық қызмет адамы өкілдігін жіберген мемлекет азаматының атынан, егер мұндай азамат консулдық орналасқан мемлекетте жоқ болғанда, соттан, басқа органдардан немесе жеке бір адамнан қандай да бір кісінің қайтыс болуының салдарынан осы азаматқа берілуге тиіс, мұраны, өтемақыны төлеуді және қамсыздандыру жөніндегі тиесілі сомаларды қоса алғанда, ақшаны немесе өзге де мүлікті қабылдай алады және осы ақша мен мүлікті аталған азаматқа тапсыра алады.

5. Өкілдігін жіберген мемлекеттің консулдық орналасқан мемлекетте уақытша жүрген азаматы қайтыс болған жағдайда, сондай-ақ егер қайтыс болған адамның консулдық орналасқан мемлекетте туыстары немесе оның өкілдері жоқ болса және ол қалдырған заттар қайтыс болған адамның консулдық орналасқан мемлекетте өзіне алған міндеттемелеріне байланысты

болмаса, онда консулдық қызмет адамы қалып қойған заттарды алуға сақтауға және тиісті жеріне тапсыруға құқылы.

6. Осы баптың 3, 4 және 5-тармақтарында аталған функцияларды орындау кезінде консулдық қызмет адамы консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелерін ұстануға міндетті.

17-Бап

Өкілдігін жіберген мемлекеттің
әуе кемесіне көмек беру

1. Консулдық қызмет адамы өз консулдық округінің шегінде консулдық орналасқан мемлекеттің порттары мен басқа да зәкірлік тұрақтарын қоса алғанда ішкі суларында немесе аумақтық теңіздерінде жүрген өкілдігін жіберген мемлекеттің кемесіне, сондай-ақ кеменің капитаны мен экипаж мүшелеріне көмек көрсетуге, сонымен бірге:

а) кеме бортына көтерілуге, капитанның кеме, жүк, жүзу жағдайлары туралы баяндамасын тыңдауға, ал кеме капитаны мен экипаж мүшелері, кемеге жағалаумен еркін қарым-қатынас жасай алады;

б) консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындарының құқықтарына нұқсан келтірместен, өкілдігін жіберген мемлекет кемесінің жүзуі кезінде болған оқиғаларды тергеуге, командир мен экипаж мүшелерінен жауап алуға, кеменің құжаттарын тексеруге; кеменің жүзуі және баратын жері туралы баяндауды қабылдауға қажет болғанда, кеменің портқа кіруі, кетуі және портта тұруы кезінде оған жәрдемдесуге;

с) консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті орындарының құқықтарына нұқсан келтірместен, өкілдігін жіберген мемлекеттің заңдарына сәйкес командир мен экипаж мүшелерінің арасындағы, еңбекақы мен жалдау туралы шартқа қатысты дауларды қоса алғанда, дауларды шешуге;

д) қажет болған жағдайда кеме капитаны немесе экипаж мүшелерін

ауруханада емдеуді немесе елге оралуын қамтамасыз етуге жәрдемдесуге;

е) кемеге қатысты құжаттарды алуға, тексеруге, беруге, куәландыруға немесе ресмилендіруге;

ф) кемені шетелден сатып алған жағдайда, осы кеменің өкілдігін жіберген мемлекеттің жалауымен жүзуіне уақытша куәлік беруге;

қ) кемеге қатысты өкілдігін жіберген мемлекеттің құзыретті өкімет орындары тапсырған басқа да іс-әрекеттерді орындауға құқылы.

2. Консулдық қызмет адамы осы баптың ережелерімен көзделген өз функцияларын орындау барысында консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындарынан көмек сұрай алады.

18-Бап

Өкілдігін жіберген мемлекеттің кемесіне қатысты жүзеге асырылатын мәжбүр етушілік шараларынан қорғау

1. Егер консулдық орналасқан мемлекеттің соттары және басқа да құзыретті органдары өкілдігін жіберген мемлекеттің кемесіне қатысты мәжбүр етушілік шараларын жүзеге асыруды немесе оның бортында ресми тергеу жүргізуді көздеген болса, онда олар осындай іс-шараларды жүзеге асыру барысында консулдық қызмет адамының немесе оның өкілі қатыса алуы үшін бұл туралы күнібұрын консулдық қызмет адамына мәлімдейді. Егер консулдық мекемеге күнібұрын мәлімдеу мәселенің шұғыл болуына байланысты уақыттың тарлығынан мүмкін болмаса, онда консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары іс-шаралар жүзеге асырылысымен бірден консулдық мекемеге мәлімдейді және консулдық қызмет адамының өтініші бойынша қысқа мерзімдерде өздерінің іс-шараларына қатысты толық ақпарат береді.

2. Консулдық орналасқан мемлекет 1-тармаққа сәйкес осыған ұқсас шаралар жағалауда кеме капитанына немесе экипаж мүшелеріне қабылданған жағдайларда да осы баптың 1-тармағының ережелері қолданылады.

3. Осы баптың 1-тармағының ережелері консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары жүзеге асыратын әдеттегі паспорттық, кедендік және санитарлық бақылауға, сондай-ақ олардың теңіздегі навигация қауіпсіздігін қамтамасыз етуге немесе сулардың ластануын болдырмауға бағытталған шараларына қолданылмайды.

4. Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары бұл кеме капитанының немесе консулдық қызмет адамының өтініші бойынша немесе олардың келісімімен жасалатын жағдайларды қоспағанда, консулдық орналасқан мемлекеттің тыныштығын, қауіпсіздігі мен қоғамдық тәртібін бұзбаған болса, өкілдігін жіберген мемлекеттің әуе кемесінің ішкі істеріне араласа алмайды.

19-Бап

Өкілдігін жіберген мемлекеттің апатқа ұшыраған кемелеріне көмек көрсету

1. Егер өкілдігін жіберген мемлекеттің кемесі консулдық орналасқан мемлекеттің ішкі суларында және аумақтық теңіздерінде апатқа ұшыраса, қайраңға отырып қалса немесе басқалай залал шексе, онда консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары мүмкіндігінше қысқа мерзімде бұл туралы консулдық мекемеге хабарлайды, сондай-ақ жолаушылары мен экипаж мүшелерін, кемені, оның жүгін және басқа да мүлікті құтқару үшін қабылданған шаралар туралы мәлімдейді.

2. Консулдық қызмет адамы өкілдігін жіберген мемлекеттің апатқа ұшыраған кемесіне, экипаж мүшелеріне және жолаушыларға көмек көрсету үшін шаралар қабылдауға, сондай-ақ осы мақсаттарда консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдарынан көмек сұрауға құқы бар.

3. Өкілдігін жіберген мемлекеттің апатқа ұшыраған кемесі, оның жабдықтары

немесе жүгі консулдық орналасқан мемлекеттің жағалауына жақын жерден табылса немесе осы мемлекеттің портына жеткізілсе және де мұның барысында кеме капитаны, кеме иесі, пароход компаниясының өкілі немесе қамсыздандыру агенті болмаса, немесе олардың осы мүлікті сақтау жөніндегі шараларды қабылдауға немесе оларға иелік етуге шамалары келмесе, онда консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары бұл туралы мүмкіндігінше тез арада консулдық мекемеге хабарлайды.

Консулдық қызмет адамы, оған ерекше сенімхатсыз өкілдігін жіберген

мемлекеттің кеме иесінің атынан апатқа ұшыраған кеме және одан бөлініп қалған мүлікті сақтау немесе иелік ету бойынша шаралар қабылдай алады.

4. Өкілдігін жіберген мемлекеттің зақымдар алған кемесі, оның жабдықтары мен азық-түлігі консулдық орналасқан мемлекетте сату немесе пайдалану үшін әкелінбеген болса, онда оларға консулдық орналасқан мемлекет кедендік баж салығын салмайды немесе өзге де соған ұқсас алымдарды алмайды.

20-Бап

Өкілдігін жіберген мемлекеттің әуе кемесі

Осы Конвенцияның өкілдігін жіберген мемлекеттің кемесіне қатысты ережелері өкілдігін жіберген мемлекет пен консулдық орналасқан мемлекеттің арасындағы басқа екі жақты келісімдер немесе екі мемлекетте қатысушысы болып табылатын көп жақты келісімдердің ережелеріне қайшы келмеген жағдайда тиісінше өкілдігін жіберген мемлекеттің әуе кемелеріне қолданылады.

21-Бап

Сот құжаттарын беру және сот тапсырмаларын орындау

Консулдық қызмет адамы қолданыстағы халықаралық келісімдерге сәйкес немесе мұндай келісімдер болмаған жағдайда консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелеріне қайшы келмейтін кез келген басқа тәртіпте сот және сотқа қатысты емес құжаттарды беру немесе сот тапсырмаларын я болмаса өкілдігін жіберген мемлекеттің соттары мен басқа құзыретті органдары үшін айғақтамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмаларды орындау құқығына ие.

22-Бап

Консулдық округте және одан тысқары жерде
консулдық қызметтерді атқару

Консулдық қызмет адамы консулдық міндеттерін тек қана өзінің консулдық округінде атқара алады. Консулдық орналасқан мемлекеттің келісімі бойынша ол консулдық міндетін сонымен бірге консулдық округтен тысқары жерде де атқара алады.

23-Бап

Консулдық орналасқан мемлекет
органдарымен қарым-қатынас

Өз міндеттерін атқару кезінде консулдық қызмет адамы консулдық округтің құзыретті орындарына, сондай-ақ осы мемлекеттің заңдары, ережелері және салт-дәстүрлері рұқсат ететін дәрежеде консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті орталық органдарына өтініш жасай алады.

24-Бап

Үшінші бір мемлекетте
консулдық міндеттерді атқару

Консулдық орналасқан мемлекет пен үшінші бір мемлекеттің жазбаша мәлімдесінен кейін, өкілдігін жіберген мемлекет консулдық мемлекетте тіркелген консулдық мекемеге үшінші бір мемлекетте консулдық міндеттерді орындауды, егер осы мемлекеттің біреуінің тарапынан айқын түрде қарсылық білдірілмесе, тапсыра алады.

25-Бап

Үшінші бір мемлекеттің атынан
консулдық міндеттерді атқару

Үшінші мемлекеттің өтініші бойынша консулдық орналасқан мемлекеттің тиісті жазбаша хабарламасынан кейін өкілдігін жіберген мемлекеттің консулдық мекемесі, егер консулдық орналасқан мемлекет бұған қарсы болмаса, үшінші бір мемлекеттің атынан консулдық орналасқан мемлекетте консулдық міндеттерді атқара алады.

III Бөлім

Артықшылықтар мен иммунитеттер

26-Бап

Консулдық мекеменің міндеттерін атқару үшін жағдай жасау

1. Консулдық орналасқан мемлекет консулдық мекемелердің міндеттерін жемісті түрде атқаруы үшін барлық мүмкіндіктерді жасауы тиіс.

2. Консулдық орналасқан мемлекет консулдық мекеме қызметкерлеріне тиісінше құрметпен қарауға және консулдық мекеме қызметкерлері өз міндеттерін нәтижелі атқара алуы үшін және осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдалана алуы үшін барлық тиісті шараларды қабылдауға міндетті.

27-Бап

Консулдық және тұрғын үй-жайлар

1. Өкілдігін жіберген мемлекет немесе оның өкілдері консулдық орналасқан мемлекеттің заңдарына сәйкес өзаралық ұстанымдар негізінде:

а) ғимаратты немесе ғимараттардың бір бөлігін консулдық мекеменің үйі, консулдық мекеме басшысының резиденциясы және консулдық орналасқан мемлекеттің азаматы болып табылмайтын және осы мемлекетте тұрғылықты мекен-жайы жоқ басқа консулдық мекеме қызметкерлеріне арналған тұрғын үйлер ретінде жеке меншігіне сатып алуға немесе жалға алуға;

б) пайдалануға тегін берілетін жер учаскелерінде ғимараттар салуға немесе осы мақсатта оны соған лайықтауға құқылы.

2. Консулдық орналасқан мемлекет өкілдігін жіберген мемлекетке осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес консулдық үй алуға жәрдемдеседі және қажет болған жағдайда өкілдігін жіберген мемлекеттің консулдық мекеме қызметкерлері үшін жарамды тұрғын үй алуына көмектеседі.

3. Осы баптың 1-тармағының ережелері өкілдігін жіберген мемлекетті осы жер учаскелері, ғимараттар немесе ғимараттардың бір бөлігі орналасқан аймақта қолданылатын консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелерін орындау міндеттерінен босатпайды.

28-Бап

Мемлекеттік жалау мен елтаңбаны пайдалану

1. Өкілдігін жіберген мемлекет консулдық мекеме үйінде өзінің мемлекеттік елтаңбасы және өкілдігін жіберген мемлекет пен консулдық орналасқан мемлекет тілдерінде консулдық мекеме аты жазылған тақта бекітіп қоюға құқылы.

2. Өкілдігін жіберген мемлекет консулдық мекеме үйіне, консулдық мекеме басшысының резиденциясына және оның өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде пайдаланатын көлік құралдарына өзінің мемлекеттік жалауын қадап қоюға құқылы.

29-Бап

Консулдық үйлерге және консулдық мекеме қызметкерлерінің тұрғын үйлеріне тиіспеушілік

1. Консулдық мекемелерге және консулдық мекеме қызметкерлерінің тұрғын үйлеріне тиісуге болмайды. Консулдық орналасқан мемлекеттің өкімет орындары өкілдігін жіберген мемлекеттің консулдық орналасқан мемлекеттегі консулдық мекемесінің басшысының немесе дипломатиялық өкілдік басшысының немесе олардың біреуі тағайындаған адамның келісімінсіз консулдық үйге және консулдық мекеме қызметкерлерінің тұрғын үйлеріне кіре алмайды. Консулдық үйде өрт шыққан немесе азаматтардың қауіпсіздігі мен консулдық үйге тікелей жақын жердегі консулдық орналасқан мемлекет мүлкінің сақталуына қауіп төндіретін өзге табиғат апатының кезінде бұндай келісім қысқа мерзім ішінде беріледі.

2. Консулдық орналасқан мемлекет консулдық үйлерін және консулдық мекеме қызметкерлерінің тұрғын үйлерін баса-көктеп кіруден немесе зиян шектіруден қорғау үшін және консулдық мекеменің кез келген тыныштығын бұзушылықты немесе оның қасиетін қорлауды болдырмау үшін барлық қажетті шараларды қабылдаудың арнайы міндеті жүктеледі.

3. Консулдық үйлер, олардың үй-ішілік заттары, консулдық мекеменің

мүлкі, сондай-ақ оның көлік құралдары мемлекеттік қорғаныс және қоғамдық зәрулік мақсатында реквизициялаудың кез келген түріне қарсы иммунитетпен

пайдаланады. Жоғарыда аталған мақсаттар үшін үйлерге иелік құқығынан айыру қажет болған жағдайда консулдық міндеттердің орындалуын бұзушылықты болдырмау үшін барлық мүмкін болған шаралар қабылданады және өкілдігін жіберген мемлекетке тез арада тиісті және тиімді өтемақы төленеді.

30-Бап

Консулдық архиві мен құжаттарына тиіспеушілік

Консулдық архив пен құжаттарға қай уақытта болмасын және олардың жерде орналасқанына қарамастан тиісуге болмайды.

31-Бап

Жүріп-тұру еркіндігі

Консулдық орналасқан мемлекет бұл мемлекеттік қауіпсіздікке байланысты кіруге тыйым салынған немесе кіру тәртібі шектеліп отыратын аймақтар туралы заңдар мен ережелерге қайшы келмейтіндей ретте өзінің аумағында консулдық мекеменің барлық қызметкерлерінің жүріп-тұруы және сапарға шығуы еркіндігін қамтамасыз етуге тиісті;

32-Бап

Қарым-қатынас еркіндігі

1. Консулдық орналасқан мемлекет барлық ресми мақсаттар үшін консулдық мекеме қарым-қатынастарының еркіндігіне рұқсат беруге және қорғауға тиіс. Өкілдігін жіберген мемлекеттің үкіметімен, дипломатиялық өкілдігімен, сондай-ақ басқа да консулдық мекемелерімен қарым-қатынас жасаған кезде консулдық мекеме кодталған және шифрленген хабарламаларды, дипломатиялық немесе консулдық курьерлерді, дипломатиялық немесе консулдық вализдерді қоса алғанда барлық жарамды байланыс құралдарын пайдалана алады. Қарапайым байланыс құралдарын пайдаланған кезде консулдық мекемеге де дипломатиялық өкілдікке қолданылатын тарифтер қолданылады. Консулдық мекеме радиохабарлағышты тек қана консулдық орналасқан мемлекеттің келісімімен орната алады және пайдалана алады.

2. Консулдық мекеменің ресми хат-хабарларына тиісуге болмайды. Ресми хат-хабар деп консулдық мекемеге және оның қызметіне қатысты барлық хат-хабар түсініледі.

Консулдық вализа ашып-қаралмауға немесе ұсталып-тоқтатылмауға тиіс. Консулдық вализа мөрленуге және оның сипатын білдіретін, көзге көрінерліктей сыртқы белгілері болуға тиіс және оның ішінде консулдық мекеменің ғана ресми пайдалануына арналған тек қана ресми хат-хабарлар, құжаттар және заттар салуға болады.

3. Тек өкілдігін жіберген мемлекеттің консулдық орналасқан мемлекетте тұрақты тұрмайтын азаматы ғана консулдық курьер бола алады. Консулдық курьер оның мәртебесі мен консулдық вализаны құрайтын орындар саны көрсетілетін ресми құжатпен қамтамасыз етіледі. Консулдық курьер консулдық орналасқан мемлекеттің аумағында болған кезінде дипломатиялық курьермен бірдей құқықтарды, артықшылықтарды және иммунитеттерді пайдаланады.

4. Өкілдігін жіберген мемлекет, оның дипломатиялық өкілдіктері және консулдық мекемелері консулдық курьерлерді *ad hoc* тағайындай алады. Мұндай жағдайларда осы баптың 3-тармағының ережелері, онда айтылған иммунитеттер осындай курьердің өзіне сеніп тапсырылған консулдық вализаны тиісті жеріне жеткізген сәтінде тоқтатылатынын қоспағанда, қолданылады.

5. Консулдық вализа өкілдігін жіберген мемлекеттің әуе кемесінің командиріне немесе кеме капитанына тапсырыла алады. Бұл командир немесе капитан консулдық вализаны құрайтын орындар саны көрсетілген ресми құжатпен қамтамасыз етіледі, әйтсе де ол консулдық курьер болып саналмайды. Консулдық орналасқан мемлекеттің тиісті құзыретті органдарымен келісім бойынша консулдық қызмет адамы консулдық вализаны әуе кемесінің командирінен немесе кеме капитанынан тікелей және кедергісіз түрде қабылдай алады немесе тапсыра алады.

6. Егер консулдық орналасқан мемлекеттің құзіретті органдарының

вализаның ішінде осы баптың 2-тармағында көрсетілген хат-хабардан басқа бір нәрсе бар деп шамалауға салмақты негіздері болса, олар өздерінің қатысуымен вализаның өкілдігін жіберген мемлекеттің уәкілетті өкілінің ашуын талап ете алады. Егер өкілдігін жіберген мемлекеттің құзіретті орындары бұл талапты орындаудан бас тартса, вализа жіберілген орынға қайтарылады.

33-Бап

Консулдық алымдар мен баж салықтары

1. Консулдық мекеме консулдық орналасқан мемлекеттің аумағында консулдық актілер жасағаны үшін өкілдігін жіберген мемлекеттің заңдары мен ережелерінде көзделген алымдар мен баж салықтарын жинай алады.

2. Осы баптың 1-тармағында және осындай алымдар мен баж салықтарын жинағаны туралы түбіртекте аталатын алымдар мен баж салықтары нысанында жиналатын сомалар консулдық орналасқан мемлекетте барлық алымдар мен баж салықтарынан босатылады.

34-Бап

Консулдық қызмет адамының жеке басына тиіспеушілік

1. Консулдық қызмет адамдарын құзіретті сот орындарының қаулылары негізінде ауыр қылмыс жасаған жағдайдан басқа кезде тұтқындауға иә қамауға алуға болмайды.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда заңды күшіне енген сот қаулыларын орындаудан басқа кезде, консулдық қызмет адамдарын түрмеге отырғызуға және ешқандай нысандарда жеке басының еркіндігін шектеуге болмайды.

3. Егер консулдық қызмет адамына қарсы қылмысты іс қозғалса, бұл адам құзіретті орындарға келуге міндетті. Соған қарамастан іс жүргізу кезінде оның ресми тұлға екендігіне байланысты құрмет көрсетілуі тиіс және осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, оның консулдық міндеттерін орындауы үшін мейлінше аз кедергі жасалуы керек. Консулдық қызмет адамын осы баптың 1-тармағына сәйкес ұстау қажеттігі туындаса, оған қарсы соттық қудалау барынша қысқа мерзімде басталуы керек.

35-Бап

Юрисдикцияға қарсы иммунитет

1. Консулдық қызмет адамдары консулдық орналасқан мемлекеттің қылмыстық, азаматтық және әкімшілік юрисдикциясына қарсы иммунитетті пайдаланады, бұған мынадай:

а) ол бойынша өкілдігін жіберген мемлекет атынан тікелей немесе жанама түрде әрекет етпейтін, консулдық қызмет адамы жасасқан шарттан туындайтын;

б) өтемін үшінші бір адам талап етіп отырған, консулдық орналасқан мемлекетте, жол көлігі құралдары, кеме немесе әуе кемесі келтірген шығындардың салдарынан туындайтын;

с) егер олар тек өкілдігін жіберген мемлекет атынан бұларды консулдық мақсаттарға пайдаланбайтын болса, консулдық орналасқан мемлекет аумағындағы қозғалмайтын жекеменшік мүлікке жататын;

d) олардың өсиетті орындаушы, мұра мүліктің қамқоршысы, мұрагер немесе мұра құқығынан айырылушы ретінде, өкілдігін жіберген мемлекет атынан емес, жеке адам ретінде көрінетін кездегі мұраға қалдыруға қатысты;

e) олардың консулдық орналасқан мемлекетте өздерінің ресми қызметтерінен тыс жүзеге асырылатын кез келген қызметтеріне жататын азаматтық талаптар қосылмайды.

2. Егер консулдық орналасқан мемлекет осы баптың 1-тармағында

баяндалған ережелерге байланысты атқару шараларын қабылдаған жағдайда, консулдық қызмет адамының жеке басына тиіспеушілік және олардың тұрғын үйлеріне тиіспеушілік бұзылмауға тиісті.

3. Консулдық мекеме қызметкерлері мен көмекші қызмет адамдары осы баптың 1-тармағының (а) және (Б) тармақшаларында айтылған азаматтық талаптарды қоспағанда, олардың қызметтік міндетіне байланысты консулдық орналасқан мемлекеттің қылмыстық, азаматтық және әкімшілік юрисдикциясына жатпайды.

36-Бап

Куәгерлік жауап беру міндеткерлігі

1. Консулдық мекеме қызметкерлері консулдық орналасқан мемлекетте сот немесе әкімшілік процедураларында куәгер ретінде жауап беру үшін шақыртыла алады.

1.2. Консулдық мекеме қызметшілері немесе қызмет көрсетуші персоналдың қызметкерлері осы баптың 2-тармағында айтылған жағдайларды қоспағанда, жауап беруден бас тарта алмайды.

1.3. Егер консулдық қызмет адамы жауап беруден бас тартатын болса, онда оған ешқандай да күштеу немесе жазалау шаралары қолданыла алмайды.

2. Консулдық мекеме қызметкерлері өздерінің міндеттерін атқаруға байланысты мәселелер жөнінде жауап беруге немесе өздерінің міндетіне қатысты ресми хат-хабарларды немесе құжаттарды тапсыруға міндетті емес. Олар өкілдігін жіберген мемлекеттің заңдары бойынша сарапшы ретінде куәгерлік жауап беруден бас тартуға құқылы.

3. Өздеріне консулдық мекеменің әлдебір қызметкерінің немесе қызмет көрсетуші персоналдың қызметкерінің жауап беруі қажет болған консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкіметі бұл адамдардың өз міндеттерін атқаруына кедергі

келтірмеуі тиіс. Осы өкімет орындары бұлайша ету мүмкін болған жағдайда бұл адамның өз үйінде немесе консулдық мекеме үйінде оның берген жауабын тыңдай алады немесе одан жазбаша жауап қабылдай алады.

37-бап

Еңбек ету борышы мен әскери міндеткерліктен босату

Консулдық мекеме қызметкерлері консулдық орналасқан мемлекетте еңбек ету және қоғамдық жұмыс борышы мен әскери міндеткерліктің кез келген нысанынан босатылады. Олар сондай-ақ шетелдік азаматтарды тіркеуге, мекен-жайға рұқсат алуға, өкілдігін жіберген мемлекет үшін жұмыс атқаруға байланысты еңбек етуге қатысты консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелерінде көзделген барлық міндеткерліктен және бұлар шетелдік азаматтарға қатысты консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелерінде көзделген болса, басқа да осындай талаптардан босатылады.

38-Бап

Консулдық мекемені салықтар мен алымдардан босату

1. Консулдық орналасқан мемлекет салықтар мен алымдардан мыналарды босатады :

- a) өкілдігін жіберген мемлекеттің немесе оның өкілдігінің атынан сатып алынған консулдық үйлер мен консулдық мекеме қызметкерлерінің тұрғын үйлері, сондай-ақ аталған мүлікті сатып алуға байланысты шарттар мен актілер;
- b) консулдық мекеменің ресми мақсаттар үшін заңды түрде сатып алған

қозғалмалы мүлкі мен көлік құралдары, сондай-ақ оларды сатып алу, иелік ету немесе ұстау.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері мыналарға қатысты қолданылмайды:

- a) арнаулы қызметтер үшін төлем ретінде алынатын салықтар мен алымдар;
- b) өкілдігін жіберген мемлекетпен немесе оның өкілімен шарт жасасқан адамнан консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелеріне сәйкес алынатын салықтар мен алымдар.

39-Бап

Консулдық мекеме қызметкерлерін

салық төлеуден босату

1. Консулдық мекеме қызметкерлері консулдық орналасқан мемлекеттің жеке бас, мүліктік, мемлекеттік, аудандық және муниципальдық салықтары мен баж салықтарынан босатылады, бұған мыналар жатпайды:

а) әдетте тауарлар мен көрсетілетін қызметтер құнына қосылатын жанама салықтар;

б) осы Конвенцияның 38-бабының 1-тармағының ережелерінде көзделгендерді есептемегенде консулдық орналасқан мемлекеттің аумағындағы қозғалмайтын жеке меншік мүлікке салынатын салықтар мен баж салықтары;

с) осы Конвенцияның 43-бабының 2-тармағының ережелерінде көзделгендерді есептемегенде мұрагерлік мүлік салықтары немесе мұралық етуге баж салықтары немесе мүлік иесінің алмасуына салықтар;

д) түсім көзі консулдық орналасқан мемлекетте болып табылатын капиталдан түсетін табысты қоса алғанда жеке табысқа салынатын салықтар мен алымдар және консулдық орналасқан мемлекеттегі коммерциялық және/немесе қаржы кәсіпорындарына жұмсалатын күрделі қаржыға салынатын салықтар;

е) қызмет көрсетудің нақты түрлері үшін алынатын алымдар;

ф) осы Конвенцияның 38-бабының ережелерінде көзделгендерді

есептемегенде тіркеу, соттық және реестрлік баж салықтары, ипотекалық алымдар, елтаңбалық алымдар.

2. Консулдық мекеме қызметкерлерінің өкілдігін жіберген мемлекеттен алынатын еңбек жалақысына консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелеріне сәйкес еңбек жалақысынан алынатын салықтар мен басқа да алымдар салынбайды.

3. Консулдық орналасқан мемлекетте еңбек жалақысы табыс салығынан босатылмаған адамдарды жалға алған консулдық мекеме қызметкерлері табыс салығын алуға байланысты осы мемлекеттің заңдары мен ережелері жалдаушыларға жүктеген міндеттемелерді орындайды.

40-Бап

Кедендік баж салығы мен
кеден бақылауынан босату

1. Консулдық орналасқан мемлекет ондағы қабылданған заңдар мен ережелерге сәйкес әкелу мен әкетуге рұқсат етеді, сонымен қатар сақтауға, тасымалдауға және осындай қызмет түрлеріне алымдарды қоспағанда, барлық мынадай кедендік баж салықтарынан босатады:

а) көлік құралдарын қоса алғанда, консулдық мекеменің қызметтік пайдалануына арналған заттар;

б) консулдық қызмет адамының жеке пайдалануындағы заттар;

с) консулдық мекеме қызметкерлері мен қызмет көрсететін жұмысшылардың алғашқы мүлік жинауына арналған үй жиһаздарын қоса алғанда, жеке пайдалануындағы заттар.

2. Осы баптың 1-тармағындағы (б) және (с) тармақшаларында көрсетілген заттар тиісті адамның тікелей тұтынуы үшін қажетті санынан аспауы керек.

3. Консулдық қызмет адамының жеке жүктері кедендік тексерістен босатылады. Егер консулдық орналасқан мемлекеттің құзіретті органдары жүк ішінде осы баптың б) және с) тармақшасында көрсетілгендерден басқа заттардың барлығын орынды негізде шамаласа, немесе консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелерінде тасып әкелуі мен әкетілуіне тыйым

салынған заттар немесе карантиндік ережелеріне жататын жағдайларда ғана заттардың тексерілуі мүмкін. Мұндай жағдайда тексеріс тиісті консулдық қызмет адамының немесе оның өкілінің қатысуымен жүргізілуге тиіс. Егер өкілдігін жіберген мемлекеттің өкімет орындары бұл талаптарды орындаудан бас тартса, онда аталған жүк жіберілген орнына қайтарылып жіберіледі.

41-Бап

Консулдық мекеме қызметкерлерінің
отбасы мүшелерінің артықшылықтары
мен иммунитеттері

Консулдық қызмет адамдарының, консулдық мекеме қызметшілерінің және қызмет көрсетуші персоналдың қызметкерлерінің отбасы мүшелері осы Конвенцияның 42-бабының 2-тармағында түсіндірілген, осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес консулдық қызмет адамдары, консулдық мекеме қызметкерлерінің және қызмет көрсетуші персонал қызметкерлерінің

пайдаланатын тиісті артықшылықтары мен иммунитеттерін пайдаланады.

42-Бап

Артықшылықтар мен иммунитеттерді
пайдаланбайтын адамдар

1. Консулдық мекеме қызметкерлері мен қызмет көрсетуші персоналдың қызметкерлері, егер олар консулдық орналасқан мемлекеттің азаматтары болып табылса немесе онда тұрақты тұратын болса, 36-баптың 3-тармағында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, осы Конвенцияда көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланбайды.

2. Консулдық мекеме қызметкерлерінің отбасы мүшелері, егер

көрсетілген адамдар консулдық орналасқан мемлекеттің азаматтары болып табылған немесе онда тұрақты тұрған жағдайда, артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланбайды.

3. Жеке үй қызметкері осы Конвенцияның ережелерінде қарастырылған артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланбайды.

43-Бап

Консулдық мекеме қызметкерінің
мұраға қалдырған мүлкі

Консулдық мекеме қызметкері немесе оның отбасы мүшесі қайтыс болған жағдайда консулдық орналасқан мемлекет:

а) көрсетілген адамның консулдық орналасқан мемлекетте сатып алған және қайтыс болған кезіне дейінгі әкетуге тыйым салынған мүліктерін қоспағанда, марқұмның қозғалмалы мүлкін алып кетуге рұқсат береді;

б) қайтыс болған адамның бұл мемлекетке консулдық мекеменің қызметкері немесе оның отбасы мүшесі ретінде келуіне байланысты алып келген немесе консулдық орналасқан мемлекетте сатып алған қозғалмалы мүліктеріне ешқандай мемлекеттік, аудандық немесе муниципалдық мұралық салықтар немесе мұрагерлік алымдар

алмайды.

44-Бап

Консулдық артықшылықтар мен иммунитеттердің басталуы және аяқталуы

1. Консулдық мекеменің әрбір қызметкері өзінің тағайындалған орнына барардағы консулдық орналасқан мемлекеттің аумағына оның кірген сәтінен бастап немесе егер, ол осы мемлекеттің аумағына келіп қойған болса, консулдық мекемедегі өзінің міндетін орындауға кіріскен сәттен бастап осы Конвенцияда көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

2. Консулдық мекеме қызметкерінің отбасы мүшелері, бұл қызметкердің артықшылықтары мен иммунитеттерін пайдалана бастаған сәтінен бастап немесе консулдық орналасқан мемлекеттің аумағына олардың енген сәтінен бастап немесе олар оның отбасы мүшелері болған сәтінен бастап осы Конвенцияда көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

3. Консулдық мекеме қызметкерінің міндеті тоқтатылғанда оның артықшылықтары мен иммунитеттері, сонымен қатар оның отбасы мүшелерінің артықшылықтары мен иммунитеттері, осы адам консулдық орналасқан мемлекеттен кеткен соң немесе мұны істеу үшін ақылға сыйымды мерзім

өткеннен кейін тоқтатылады.

4. Консулдық мекеме қызметкері қайтыс болған жағдайда отбасы мүшелері өздеріне берілген артықшылықтар мен иммунитеттерді олардың консулдық орналасқан мемлекеттен кеткен сәтіне дейін немесе консулдық орналасқан мемлекеттен кету үшін ақылға сыйымды мерзім өткенше пайдалануын жалғастырады.

45-Бап

Артықшылықтар мен иммунитеттерден бас тарту

1. Өкілдігін жіберген мемлекет осы Конвенцияның 35 және 36-баптарында көрсетілген консулдық мекеменің тиісті қызметкерлері пайдаланатын артықшылықтар мен иммунитеттерден бас тарта алады. Бас тарту барлық жағдайда консулдық

орналасқан мемлекетке жазбаша нысанында айқын білдірілуі тиіс.

2. Осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес консулдық мекеме

қызметкері юрисдикциялық иммунитетті пайдалана алатын жағдайда оған қатысты сот ісі қозғалғанда ол негізгі талапқа тікелей байланысты қандай да бір қарсы талапқа қатысты иммунитетке сілтеме жасау құқығынан айырылады.

3. Азаматтық немесе әкімшілік істер жөніндегі юрисдикциялық иммунитеттен бас тарту сот шешімін орындауға қатысты иммунитеттен бас тартуды білдірмейді. Осындай бас тарту үшін жеке жазбаша хабарландыру қажет.

IV Бөлім

Жалпы нұсқамалар

46-Бап

Консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелерін құрметтеу

1. Осы Конвенцияға сәйкес артықшылықтар мен иммунитеттер берілетін барлық адамдар өздерінің артықшылықтары мен иммунитеттеріне зиян келтірместен, жол қозғалысын реттейтін заңдар мен ережелерді қоса алғанда, консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелерін құрметтеуге

міндетті.

2. Консулдық үй-жайлар консулдық міндеттерді орындаумен сыйыспайтын мақсатта пайдалануға тиісті емес.

3. Консулдық мекеме, консулдық мекеме қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері көлік құралдарын сақтандыру жөніндегі консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелерін сақтауға міндетті.

47-Бап

Дипломатиялық өкілдіктердің консулдық міндеттерді орындауы

1. Осы Конвенция ережелері осы мәтіннен шығатын дәрежеде сонымен бірге дипломатиялық өкілдіктердің консулдық міндеттерді орындау жағдайларында да қолданылады.

2. Дипломатиялық өкілдіктің консулдық бөлімге тағайындалған немесе өкілдіктің консулдық қызметін орындау тапсырылған қызметкерлерінің аты мен тектері консулдық орналасқан мемлекеттің сыртқы істер министрлігіне немесе осы министрлік көрсеткен органға хабарланады.

3. Консулдық қызметін атқару кезінде дипломатиялық өкілдік:

a) консулдық округтың жергілікті өкіметтеріне;

b) егер ол консулдық орналасқан мемлекеттің заңдарына, ережелері

мен дәстүрлеріне немесе тиісті халықаралық келісімдерге қайшы келмейтін болса, консулдық орналасқан мемлекеттің орталық өкімет орындарына өтініш жасай алады.

4. Осы баптың 2-тармағында айтылатын дипломатиялық өкілдік қызметкерлерінің артықшылықтары мен иммунитеттері дипломатиялық қатынастарға қатысты халықаралық құқық қалыптарымен реттеліп отырады.

V Бөлім

Қорытынды ережелер

48-Бап

Бекітілуі, күшіне енуі, күші жоюы

1. Осы Конвенция бекітілуге тиісті және бекіту грамоталарымен алмасқан күннен бастап отызыншы күні күшіне енеді.

2. Конвенция белгісіз мерзімге жасалып отыр және Уағдаласушы Тараптардың бірі екінші Уағдаласушы Тарапқа өзінің осы Конвенцияның қолданысын тоқтатқысы келетіні жөнінде жазбаша түрде хабарлаған күнінен бастап алты ай өткенге дейін қолданыста болады.

Осыны растау үшін Уағдаласушы Тараптардың Уәкілдері осы Конвенцияға қол қойды және оны мөрмен бекітті.

Кишинеу қаласында 1997 жылғы 23 қазанда екі данада, әрқайсысы қазақ, молдован және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Конвенция ережелерін түсіндіруде пікір алшақтығы туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін қолданылады.

Қазақстан Республикасы үшін
Молдова Республикасы үшін

"Қазақстан Республикасы мен Молдова Республикасы арасындағы Консулдық конвенцияны бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасына
Анықтама парақ

1. Заң жобасының бастамашысы (органның толық атауы) Қазақстан Республикасының Үкіметі
2. Заң жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының құрамы құрылған жоқ
3. Заң жобасы жөніндегі бас комитет Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік жөніндегі комитет
4. Заң жобасының Қазақстан Республикасының Парламентінде тіркелген күні 23.10.1998 ж.
5. Заң жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті тұрақты комитеттерінің қорытындысы
6. Заң жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің, министрліктердің, ведомстволардың, басқа да мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің ҚР Қаржы министрлігімен, ҚР Әділет министрлігімен, ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігімен, ҚР Ішкі істер министрлігімен, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетімен,

қорытындысы

ҚР Энергетика, индустрия және
сауда министрлігімен
келісілген

7. Заң жобасының ғылыми сараптамасы өткізілген жоқ

8. Заң жобасы жөнінде баяндама жасау кімге тапсырылды Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министріне

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Кобдалиева Н.М.